

## Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 20 маусымдағы N 237. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 9 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1568. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі N 65 қаулысымен.

*Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі N 65 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кейбір мәселелері туралы" 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 Жарлығын іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Б а с қ а р м а с ы қа у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесі бекітілсін және Ереже мен осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Монетарлық операциялар департаменті (Әлжанов Б.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап бес күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жіберсін;

3) 2002 жылдың 1 қаңтарына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің инвестициялық стратегиясын Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесіне сәйкес к е л т і р с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Г.А.Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының  
Үкіметімен мақұлданған  
9 маусымның 2001 ж. N 787  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
20 маусымның 2001 жылғы  
N 237 қаулысымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесі**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры туралы " 2000 жылғы 23 тамыздағы N 402, " Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кейбір мәселелері туралы " 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 Жарлықтарына және "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шарт туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 мамырдағы N 655 қаулысына сәйкес жасалды және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын (бұдан әрі - Қор) сенімді басқарған кезде инвестициялық операцияларды жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

2. Қорды сенімді басқарған кезде Ұлттық Банктің инвестициялық операцияларды жүзеге асырудағы негізгі мақсаттары:

- 1) Қор активтерінің сақталуы;
- 2) Қор активтері өтімділігінің жеткілікті деңгейде болуын қолдау;
- 3) тәуекелдің деңгейі қалыпты болған жағдайда Қор активтері түсімділігінің перспективалы ұзақ мерзімде жеткілікті түрдегі жоғары деңгейде болуын қамтамасыз ету болып табылады.

Қор активтері кірістілігінің перспективалы ұзақ мерзімде жеткілікті түрдегі жоғары деңгейде болуын қамтамасыз ету кірістіліктің қысқа мерзімге ауытқуын көздейді.

2-1. Қорды сенімгерлік басқару жөніндегі қызмет Bloomberg L.P., Reuters ( Eastern Europe) Limited, Fitch Ratings Ltd және қаржы нарықтары туралы деректерді ұсынатын басқа да ақпараттық жүйелер көрсететін қызметті сатып а л у д ы қ а м т и д ы .

*Ескерту: 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 167 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз ).*

### **2-тарау. Негізгі ұғымдар**

3. Портфельді активтік басқару - бұл портфель кірістілігінің ауытқу өзгермелілігінің мәні 0.5%-тең асқан жағдайда басқару түрі.

4. Негізгі валюта - Қор активтерін басқарудың кірістілігін бағалау үшін пайдаланылатын валюта.

5. Бағалы қағазды (портфельді) өтеу кірістілігі - бағалы қағаздың (портфельдің) процентпен көрсетілген және оны өтегенге дейін сатып алған және сақтаған жағдайда алынатын белгіленген кіріспен қоса бағалы қағаздың (портфельдің) кірістілігі. Бағалы қағазды (портфельді) өтеу кірістілігін есептеу бағалы қағаз (портфельдің) купонының ставкасына, өтеу мерзіміне және рыноктық құнына негізделеді. Есептеген кезде купондық төлемдер бағалы қағазды (портфельді) өтеу кірістілігіне тең проценттік ставка бойынша қайта инвестициялануы мүмкін.

6. Бағалы қағаздың (портфельдің) белгіленген кірістілігімен қоса дюрациясы - бағалы қағазды (портфельді) өтеу кірістілігі жоғарылаған/төмендеген жағдайда бағалы қағаз (портфель) құнының шамамен алғанда қаншалықты төмендегенін/жоғарылағанын көрсететін көрсеткіш.

7. Кірістіліктің ауытқуының өзгермелілігі (tracking error) - портфель кірістілігінің эталон портфелі (tracking error) кірістілігінен ауытқуының өзгермелілігін көрсететін эталон портфеліне қатысты портфельдің рыноктық тәуекелінің негізгі көрсеткіші.

8. MSCI World Index excluding Energy индексі - Morgan Stanley Capital International компаниясынан тұратын энергетикалық сектор компаниясынан басқа, әлем елдері компанияларының акцияларынан тұратын индекс. Индекстегі бағалы қағаздар құрамы рыноктық капиталдандыру және өтімділік негізінде тоқсан сайын жаңартылып отырады. Кірістілік пен тәуекел көрсеткіштері күн сайын есептеледі.

9. Merrill Lynch 6-month US Treasury Bill Index индексі - өтеу мерзімі алты айға дейінгі АҚШ-тың қазынашылық вексельдерінен тұратын Merrill Lynch компаниясының индексі. Кірістілік және тәуекел көрсеткіштері күн сайын е с е п т е л е д і .

*Ескерту: 9-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасы төрағасының 2002 жылғы 24 қазандағы N 426 қаулысымен .*

10. Citigroup World Government Bond ex Japan Index 50 пайыз USD hedged (90 пайыз) плюс Citigroup World Government Bond Japan Index 50 пайыз USD hedged (10 пайыз) (бұдан әрі - customized Citigroup WGB Index 50% USD hedged) индексі - Жапонияны қоспағанда, дамыған елдердің мемлекеттік облигацияларының 90 пайызынан және Жапонияның бір жылдан астам өтеу мерзімімен, АҚШ долларына қарсы 50 пайызға хеджирленген мемлекеттік облигацияларының 10 пайызынан тұратын Citigroup компаниясының индексі. Осы индексте эталондық

бөлуге оралу күнтізбелік тоқсанның соңғы жұмыс күні жүргізіледі. Индекстегі бағалы қағаздардың құрамы нарықтық капиталдандыру негізінде ай сайын өзгеріп отырады. Кірістілік пен тәуекелдің көрсеткіштері күн сайын есептеліп отырады.

*Ескерту: 10-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 167 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз ).*

10-1. Lehman Global Aggregate (LGA) индексі - мемлекеттік, агенттік, корпоративтік бағалы қағаздардан, сондай-ақ активтер кепілімен бағалы қағаздар мен жылжымайтын мүлік кепілімен бағалы қағаздардан тұратын Lehman Brothers компаниясының индексі.

*Ескерту: 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасы төрағасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 322 қаулысымен .*

11. Кредиттік рейтинг - кірісі белгіленген бағалы қағаздар эмитенттеріне Standard & Poors және Moody's кредиттік рейтинг агенттіктері беретін қаржы құралдары бойынша кредиттік тәуекел деңгейінің көрсеткіші (кредиттік тәуекелдің өсуіне қарай кестеге орналастырылады):

Standard & Poors	Moody's
Ұзақ мерзімдік кредиттік рейтингтер	
A A A	A a a
A A +	A a 1
A A	A a 2
A A -	A a 3
A +	A 1
A	A 2
A -	A 3
B B B	B a a
Қысқа мерзімді кредиттік рейтингтер	
A - 1 +	P - 1
A - 1	P - 2
A - 2	P - 3

*Ескерту: 11-тармақтың кестесі толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасы төрағасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 322 қаулысымен .*

12. Портфельді пассивтік (индекстік) басқару - бұл портфель кірістілігі ауытқуының (tracking error) өзгермелі мәні 0.5%-тен аспайтын жағдайдағы басқару түрі.

13. Өкілетті өкіл - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының шешімімен белгіленетін арнайы лауазымды тұлға (Ұлттық Банк Төрағасының орынбасарынан төмен емес деңгейдегі), оның өкілеттігіне Ұлттық Банктің атынан Қорды сенімді басқару бойынша жедел шешім қабылдау кіреді.

14. Портфель - қаржы құралдарының жиынтығы, оның ішінде Қордың ақшасы.

15. Жинақ портфелі - мақсаты ұзақ мерзімді перспективадағы активтердің кірістілігін көбейту болып табылатын портфель. Жинақ портфеліне түсетін барлық түсімдер және жинақ портфеліндегі трансферттер тұрақтандыру портфелі арқылы жүзеге асырылады.

16. Тұрақтандыру портфелі - мақсаты қысқа мерзімді перспективадағы активтердің өтімділігін қамтамасыз ету және кірістілігін көбейту болып табылатын портфель.

17. Құрылымдық өнім - әр түрлі қаржы құралдарының қосылуы болып табылатын активтер мен міндеттемелердің әдісі. Құрылымдық өнімді сатып алуға арналған шарт осы өнімнің эмитентімен - компаниямен жасалады.

18. Жинақ портфелінің активтерін тактикалық бөлу (tactical asset allocation) - кірісі шектелген акциялар мен бағалы қағаздар үлесінің туынды қаржы құралдарын сатып алу және сату арқылы өзгеруі. Жинақ портфелінің активтері эталон портфелімен салыстыру бойынша портфельдің кірістілігін көтеру мақсатында тактикамен бөлінеді.

19. Портфельді валютаға қарсы хеджирлеу - осы валютаның айырбас бағамының өзгерістерінен түскен портфельдің рыноктық құнының тәуелсіздігін қамтамасыз ету.

20. Активтерге кепілге берілген бағалы қағаздар (ABS) - эмитент кепілдік берген жылжымайтын мүлікті қоспағанда, активтер сатып алу үшін заемдарға кепілдікке берілген борыштық міндеттемелер.

21. Жылжымайтын мүлікке кепілге берілген бағалы қағаздар (MBS) - эмитент кепілдік берген жылжымайтын мүлікті сатып алу үшін заемдарға кепілдікке берілген борыштық міндеттемелер.

22. Эталон портфелі - құрамы инвестордың мүддесімен белгіленетін бағалы қағаздар жиынтығы. Эталон портфелінің кірістілігі активтердің басқару кірістілігін бағалау кезіндегі шара болып табылады. Эталон портфелі ретінде әлемдік жетекші қаржы компаниялары әзірлеген және тексерген индекстер қолданылады.

### **3-тарау. Тұрақтандыру және жинақ портфельдерін басқару жөніндегі жалпы стратегия**

23. Қор активтері тұрақтандыру және жинақ портфельдеріне бөлінеді.

24. Тұрақтандыру портфелінің рыноктық құны Қордың барлық активтерінің рыноктық құнының 600 млн. АҚШ долларынан аспайтын болуы тиіс.

*Ескерту: 24-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасы төрағасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 322 қаулысымен .*

25. Егер күнтізбелік тоқсанның соңғы күнінде тұрақтандыру портфелінің рыноктық құны осы Ереженің 24-тармағында белгіленген шектеуді қанағаттандырмайтын болса, Қор активтерінің бір бөлігі келесі тоқсанның басынан бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жинақ портфелінен тұрақтандыру портфеліне беріледі.

26. Қор активтерін түрлері және көлемі бойынша тұрақтандыру портфелінен жинақ портфеліне аудару немесе керісінше осы Ереже шеңберінде Өкілетті өкілдің тапсырмасы бойынша ғана жүзеге асырылады.

27. Қордың тұрақтандыру және жинақ портфельдерінің активтерін басқарудың кірістілігін бағалау мақсатына арналған базалық валютасы АҚШ доллары болып саналады.

28. Қор активтері инвестицияланатын қаржы құралдары мемлекеттік және агенттік бағалы қағаздармен, Халықаралық Қаржы Ұйымдарының (ХҚҰ) бағалы қағаздарымен, корпоративтік бағалы қағаздармен, жылжымайтын мүлікке кепілге берілген бағалы қағаздармен (MBS) және активтермен (ABS), акциялармен, репо және кері репо операцияларымен, депозиттермен (салымдармен), кепілге берілген қарызға бағалы қағаздар (securities lending) берумен, стандартты туынды қаржы құралдарымен, құрылымдық өнімдермен, жинақ және тұрақтандыру портфеліне кіретін елдердің валюталарын сатып алумен және сатумен шектеледі. Кірісі белгіленген бағалы қағаздардың тұрақтандыру портфелін және жинақ портфелін сенімгерлік басқару кезінде активті де пассивті де басқару қолданылуы мүмкін.

29. Репо және кері репо операцияларын A1+ төмен емес қысқа мерзімді кредиттік рейтингтері бар - Standard & Poor's/P1 - Moody's және AA- төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтері бар - Standard & Poor's/Aa- - Moody's қарсы әріптестер жүзеге асыруға тиіс. Кері репо операциялары үшін қамтамасыз ету ең төменгі кредиттік рейтингі AAA, нарықтық құны операция сомасының 100% кем болмайтын бағалы қағаздар болуы тиіс.

*Ескерту: 29-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 167 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз ).*

30. Депозиттер (салымдар) A1+ - Standard & Poors\P1 - Moody's - төмен болмайтын қысқа мерзімді кредиттік рейтингі бар және AA- - Standard & Poors\



Aa3 - Moody's - төмен болмайтын ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар банктерге ғана орналастырылады. Барлық депозиттердің (салымдардың) үлесі Қордың 5%-нен аспауы тиіс. Депозиттердің (салымдардың) ең кеп мерзімі - 1 ай.

31. Туынды құралдар Қор активтерін хеджирлеу және тактикалық бөлу үшін ғана пайдаланылады.

32. "Төлемге қарсы жеткізу" қағидаты бойынша мәмілелер қарсы әріптестер (немесе кастодиандар) арасында олардың кредиттік рейтингтеріне шектеу қоймастан активтерді бірдей уақытта жеткізген кезде жүзеге асырылуы мүмкін.

*Ескерту: 32-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 167 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз ).*

#### **4-тарау. Тұрақтандыру портфелінің негізгі өлшемдері**

33. Тұрақтандыру портфелінің мынадай индексі эталон портфелі болып саналады: Merrill Lynch 6-month US Treasury Bill Index.

*Ескерту: 33-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасы төрағасының 2002 жылғы 24 қазандағы N 426 қаулысымен .*

34. Тұрақтандыру портфелі кредиттік рейтингі AAA\Aaa болатын елдердің ақша рыногының өтімділігі жоғары активтерінен тұрады.

35. Тұрақтандыру портфелінің кем дегенде 50%-і AAA\Aaa болатын елдердің, агенттіктердің, ХҚҰ-ның мемлекеттік бағалы қағаздарынан тұрады.

*36. Тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасы төрағасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 322 қаулысымен .*

37. Тұрақтандыру портфеліндегі корпоративтік бағалы қағаздар және кепілге берілген активтердің эмитенттерінің A1+ - Standard & Poors\P1 - Moody's - төмен болмайтын қысқа мерзімді кредиттік рейтингі және AA - Standard&Poors\Aa3 Moody's - төмен болмайтын ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі болуы тиіс.

38. Екінші деңгейдегі банктердің депозитіне (салымына) тұрақтандыру портфелінің ең көп дегенде 10% орналастырылуы тиіс. Осы банктердің қысқа мерзімді рейтингі A1+ - Standard & Poors\P1 - Moody's - төмен болмайтын қысқа мерзімді кредиттік рейтингінен және AA - Standard&Poors\Aa3 - Moody's - төмен болмайтын ұзақ мерзімді кредиттік рейтингінен төмен болмауы тиіс.

39. Тұрақтандыру портфелі активтерінің ең көбі 10%-і мемлекеттік, агенттік бағалы қағаздарды және ХВҚ-ның бағалы қағаздарын қоспағанда бағалы қағаздарға инвестициялануы және/немесе бір эмитенттің депозиттеріне (салымдарына) орналастырылуы мүмкін.

40. Бағалы қағазды өтеудің ең жоғары мерзімі 10 жылдан аспауы тиіс.

*Ескерту: 40-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасы төрағасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 322 қаулысымен .*

41. Тұрақтандыру портфелінің дюрациясы 1 көрсеткішінен аспауы тиіс.  
*Ескерту: 41-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасы төрағасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 322 қаулысымен .*

42. Тұрақтандыру портфелі активтерінің кемінде 50%-і сыртқы басқаруға берілуі мүмкін.

42-1. Валюталық бөлу бөлінісінде тұрақтандыру портфелінің ең көп дегенде 30 процент активтері customized SWGB Index 60% USD hedged индексіне енетін елдердің АҚШ долларынан өзгеше валюталарына деноминацияланған активтерге инвестициялануы мүмкін .

*Ескерту: 42-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасы төрағасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 322 қаулысымен .*

## **5-тарау. Жинақ портфелінің өлшемдері**

### **1. Жинақ портфелінің негізгі өлшемдері**

43. Жинақ портфелі кірісі белгіленген бағалы қағаздар портфеліне және акциялар портфеліне бөлінеді.

44. Жинақ портфелі құрамындағы кірісі белгіленген бағалы қағаздар портфелі мен акциялар портфелінің рыноктық құнының жол берілетін ауытқушылықтары мынадай: \_\_\_\_\_

	Э т а л о н	Е ң а з	Е ң к ө п
Кірісі	белгіленген	бағалы	
қағаздар портфелі	75%	65%	85%
Акциялар портфелі	25%	15%	35%

*Ескерту: 44-тармақтың кестесі өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасы төрағасының 2002 жылғы 24 қазандағы N 426 қаулысымен .*

45. Жинақ портфеліне арналған эталондық портфель болып:  
1) customized Citigroup WGB Index 50 пайыз USD hedged 75 пайызынан және  
2) MSCI World Index excluding Energy 25 пайызынан тұратын индекс саналады .

Осы индексте эталондық бөлуге қайта оралу күнтізбелік тоқсанның соңғы жұмыс күні жүргізіледі .

*Ескерту: 45-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 167 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз ).*

46. Жинақ портфелі кірістілігінің эталон портфелі кірістілігінен ауытқу өзгермелілігі (tracking error) 2.0%-тен аспауы тиіс.



## 2. Жинақ портфелінің кірісі белгіленген бағалы қағаздар портфелінің өлшемдері

47. Жинақ портфелінің белгіленген кірісі бар бағалы қағаздар портфелі үшін customized SWGB Index 60% USD hedged индексі эталондық портфель болып саналады.

*Ескерту: 47-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасы төрағасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 322 қаулысымен.*

48. Инвестициялар Қазақстан Республикасы эмитенттерінің бағалы қағаздарын қоспағанда, customized SWGB Index 60% USD hedged және LGA индексі эталон портфеліне кіретін елдерде айналымға түсетін бағалы қағаздарға ғана рұқсат етіледі.

*Ескерту: 48-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасы төрағасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 322 қаулысымен.*

49. Портфель дюрациясы эталон портфелінің дюрациясынан +20/-30% шегінде болуы тиіс.

50. Кірісі белгіленген бағалы қағаздар портфелінің кемінде 80%-і сыртқы басқаруға берілуі мүмкін.

51. Кірісі белгіленген бағалы қағаздар портфелінің секторлық бөлінуі:

				Ең аз	Ең көп
Мемлекеттік және агенттік және ХВҚ-ның бағалы қағаздары	және	агенттік	бағалы қағаздар	35%	100%
Корпоративтік жылжымайтын кепілге берілген Оның ішінде активтер	бағалы мүлік	қағаздар немесе	және активтер	0%	30%
Оның ішінде активтер кепілге берілген	жылжымайтын мүлік	бағалы қағаздар	немесе	0%	20%

52. Бағалы қағаздың корпоративтік эмитентінің ең төмен ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі - А/А2-ден ВВВ-ға дейін. Ақша рыногы корпоративтік бағалы қағаздарының ең төмен қысқа мерзімді кредиттік рейтингі - А2/Р3. Портфельдің ең көп дегенде 2 проценті ВВВ-дан А- -ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар корпоративтік бағалы қағаздарға инвестициялануы мүмкін. Портфельдің ең көп дегенде 4 проценті А- -дан А+ -ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар корпоративтік бағалы қағаздарға инвестициялануы мүмкін. Портфельдің ең көп дегенде 6%-проценті А+ -дан АА- -ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар корпоративтік бағалы қағаздарға инвестициялануы мүмкін. Портфельдің ең көп дегенде 10 проценті АА- -дан

жоғары ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар корпоративтік бағалы қағаздарға инвестициялануы мүмкін. Жылжымайтын мүлік (MBS) немесе активтер (ABS) кепілімен бағалы қағаздардың AAA-дан BBB -ға дейінгі - Standard & Poor's немесе Ааа-дан Ваа-ға дейінгі Moody's кредиттік рейтингі болуы тиіс.

*Ескерту: 52-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасы төрағасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 322 қаулысымен .*

53. Портфельдің кемінде 5%-і мемлекеттік бағалы қағаздарды, агенттіктердің және ХВҚ-ның бағалы қағаздарын қоспағанда бір эмитенттің бағалы қағаздарына және портфельдің кемінде 2%-і жеке эмиссияға инвестициялануы мүмкін. Бағалы қағаздардың бір эмиссиясының 5%-нен астамын иеленуге рұқсат етілмейді.

### **3. Жинақ портфелінің акциялар портфелінің өлшемдері**

54. Жинақ портфелінің акциялар портфелі үшін MSCI World Index excluding Energy индексі эталон портфелі болып саналады.

55. Жинақ портфелінің акциялар портфелінің (бұдан әрі - акциялар портфелі) активтері акциялар портфелінің эталон портфеліне енгізілген жай және артықшылық берілген акцияларына ғана инвестициялануы мүмкін.

56. Акциялар портфелінің кемінде 80%-ін инвестициялау Қор активтерін сыртқы басқарушылардың көмегімен жүзеге асырылуы тиіс.

57. Активтік басқарудағы акциялар портфелінің үлесі акциялар портфелінің 50 пайызынан аспауға тиіс.

*Ескерту: 57-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 167 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз ).*

58. Бір компанияның дауыс беру құқығы бар акциялардың 3%-нен астамын иеленуге рұқсат етілмейді.

### **6-тарау. Сыртқы басқарушыларды таңдау кезіндегі шектеулер**

59. Сыртқы басқарушыларды таңдаудағы негізгі өлшемдер басқарудағы клиенттер активтерінің мөлшері, жұмыс тәжірибесі, портфельдік менеджерлер мен талдаушылардың кәсібилігі, кадрлардың ең аз тұрақтамауы, аймақтарда портфельдік басқарушылардың және талдаушылардың болуы, тұрақты қаржы жағдайы, басқару процесін автоматтандырудың жоғары деңгейі, тәуекелдерді басқарудың сенімді жүйесінің болуы, тұрақты тарихы және Қазақстан Республикасымен ынтымақтастықтың оң тәжірибесі болып табылады.

60. Сыртқы басқарушы мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

1) басқаруында клиенттердің баламасы 50 миллиард АҚШ долларынан кем емес жиынтық активтері, оның ішінде Қор активтерін инвестициялау болжанып отырған - баламасы 1 миллиард АҚШ долларынан кем емес қаржы құралдарының болуы ;

2) әрбір шарт бойынша ең төменгі мөлшері 100 миллион АҚШ долларына балама активтері бар кем дегенде әр түрлі үш клиенттің үш шарты иелігінде болуы ;

3) кем дегенде 5 жыл Қор активтерін инвестициялау болжанып отырған қаржы құралдарымен жұмыс тәжірибесі және оның осы кезең ішінде басқаруының оң нәтижелері болуы тиіс.

*Ескерту: 60-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасы төрағасының 2002 жылғы 24 қазандағы N 426 қаулысымен .*

61. Сыртқы басқарушы күн сайын Ұлттық Банкке және кастодианға есеп беріп отырған күнгі Нью-Йорк уақыты бойынша 20:00-ге дейін жасалған мәмілелер туралы толық ақпарат береді.

62. Қордың бір сыртқы басқарушыға беретін активтерінің рыноктық құны 500 миллион АҚШ долларынан аспауы тиіс.

*Ескерту: 62-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасы төрағасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 322 қаулысымен , 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 167 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз ).*

63. Ұлттық Банк сыртқы басқарушыны хабардар еткеннен кейін сыртқы басқарушымен жасасқан шартты мерзімінен бұрын бұзуға немесе сыртқы басқарудағы активтердің бір бөлігін алуға құқылы. Бұл сыртқы басқарушымен жасасқан шартта көзделген болуы тиіс.

#### **7-тарау. Кастодиандарды таңдау кезіндегі шектеулер**

64. Кастодианның ең төменгі кредиттік рейтингі - AA-\Aa3.

65. Бір кастодианның сақтауында ең төменгі сомасы 1 триллион АҚШ долларына балама болатын клиенттердің активі болуы тиіс.

66. Кастодиан Ұлттық Банкке нақты уақыт режиміндегі активтер мониторингіне арналған жүйені және осы Ережемен Қор активтері көрсеткіштерінің сәйкестігін тексеруді ұсынады.

67. Қордың бір кастодианға беретін активтерінің рыноктық құны баламасы 8 миллиард долларынан аспауы тиіс.

*Ескерту: 67-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасы төрағасының 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 322 қаулысымен , 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 167 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз ).*

68. Ұлттық Банктің есепшотындағы Қор ақшасының мөлшері бір кастодианда баламасы 50 миллион АҚШ долларынан аспауы тиіс. Осы шектен асқан жағдайда, осы тәртіп бұзушылық 1 (бір) жұмыс күні ішінде жойылуы тиіс.

#### **8-тарау. Құрылымдық өнімдерді пайдалану**

69. Құрылымдылық өнімдер тәуекелдерді хеджерлеуге ғана пайдаланылуы мүмкін.

70. АА-\Аа3-тен кем емес кредиттік рейтингі бар компаниялар құрылымдық өнімдердің эмитенттері бола алады.

71. Егер құрылымдық өнімнің рыноктық құнын бағалауға мүмкіндік бар болған жағдайда немесе эмитент құрылымдық өнімнің рыноктық құнын бағалау моделін берген жағдайда құрылымдық өнімді сатып алуға рұқсат етіледі.

Құрылымдық өнімнің эмитенті соңғы 2 жылдағы құрылымдық өнімнің рыноктық құны жөніндегі күнделікті деректерді беруге міндетті.

72. Егер осы өнімді эмитентке кез-келген уақытта рыноктық құны бойынша сатуға мүмкіндік болған жағдайда, құрылымдық өнімді сатып алуға рұқсат беріледі.

### **9-тарау. Есеп беру**

73. Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Үкіметіне Ұлттық Банктің Басқармасы бекіткен Қордың сенімді басқаруымен жүзеге асырылған инвестициялық операциялардың нәтижесі жөніндегі мына есептерді кезең-кезеңмен беріп отырады:

Т о қ с а н с а й ы н :

№ 1 қосымшаға сай нысандағы "Есеп беру тоқсанының аяғындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сыныптар және валюта түрлері бойынша бөлуді";

№ 2 қосымшаға сай нысандағы "Есеп беру тоқсанының аяғындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры портфелінің құрамын";

№ 3 қосымшаға сай нысан бойынша есеп беру кезеңінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерімен жасалған мәмілелер жөніндегі е с е п т і ;

№ 4 қосымшаға сай нысандағы "Есеп беру кезеңінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының портфелін басқару нәтижелеріне талдау жасауды".

Ж ы л с а й ы н :

1) тиісті рыноктар жағдайы бойынша жазбаша есепті және олардың портфельге әсерін, экономикалық шолуды;

2) стратегияға шолуды және портфель құрылымындағы ең маңызды өзгерістерге түсіндірмені, инвестициялаудың ағымдағы стратегиясын ұсынады.

Ұлттық Банк Қазақстан Республикасы Үкіметімен келісе отырып басқа есептерді және Қорды сенімді басқару кезінде инвестициялық операцияларды жүзеге асыру нәтижелері жөніндегі есепке түсіндірмелер ұсынады.

Ұ л т т ы қ Б а н к

*Төрағасы*

Қазақстан Республикасының  
 Ұлттық Банкі Басқармасының  
 2001 жылғы 20 маусымдағы  
 N 237 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы  
 Ұлттық қорының инвестициялық  
 операцияларын жүзеге асыру  
 ережесіне N 1 қосымша

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін  
 сыныптар және валюта түрлері бойынша бөлу**

( к ү н і )

Тұрақтандыру портфелі | Жинақ портфелі

АҚШ долларында | % | АҚШ долларында | %  
 рыноктық құны | рыноктық құны |

А к ц и я л а р - 0 , 0 0  
 U S D  
 E U R  
 G B P  
 . . . .

Акциялардың барлығы - 0,00

О б л и г а ц и я л а р

М Б Қ  
 U S D  
 E U R  
 G B P  
 . . . .

М Б Қ б а р л ы ғ ы

X Қ Ұ  
 U S D  
 E U R

G B P

Х Қ Ұ

б а р л ы ғ ы

---

А г е н т т і к

U S D

E U R

G B P

Агенттіктің

барлығы

---

Корпоративтік

облигациялар

U S D

E U R

G B P

Корпоративтің

барлығы

---

M B S

A B S

U S D

E U R

G B P

M B S ,

A B S

барлығы

---

Облигациялардың

барлығы

Т у ы н д ы

U S D

E U R

G B P

Туындының

барлығы

---

Құрылымдық өнімдер

-

0,00

U S D

E U R

G B P

Құрылымдық өнімдердің

-

0,00



б а р л ы ғ ы

---

А қ ш а                      ж ә н е                      о н ы ң                      б а л а м а с ы  
А      қ      ш      а  
U      S      D  
E      U      R  
G      V      P

А қ ш а н ы ң    б а р л ы ғ ы

---

Б а с қ а                      қ ы с қ а                      м е р з і м д і                      а к т и в т е р  
U      S      D  
E      U      R  
G      V      P

Б а с қ а                      қ ы с қ а                      м е р з і м д і  
а к т и в т е р д і ң    б а р л ы ғ ы

---

А қ ш а н ы ң                      ж ә н е                      о н ы ң  
б а л а м а с ы н ы ң    б а р л ы ғ ы

---

Б а р л ы ғ ы

---

Өкілетті өкіл

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2001 жылғы 20 маусымдағы  
N 237 қаулысымен бекітілген  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қорының инвестициялық  
операцияларын жүзеге асыру  
ережесіне N 2 қосымша

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры портфелінің құрамы**

-----  
(күні)

---

Құралдың түрі

АҚШ долларында рыноктық құны

---

I.

Тұрақтандыру

портфелі

А Қ Ш - т ы ң М Б Қ  
Г е р м а н и я н ы ң М Б Қ  
Д е п о з и т т е р  
Р е п о

II.	Тұрақтандыру	портфелі	бойынша	жиынтығы
	Жинақ		портфелі	
1.	Кірісі	белгіленген		БҚ
		А Қ Ш		
		Е у р о а й м а қ		
		Ұ л ы б р и т а н и я		
2.		А к ц и я л а р		
		А Қ Ш		
		Е у р о а й м а қ		
		Ұ л ы б р и т а н и я		
3.	Т у ы н д ы		қ ұ р а л д а р	
4.	Құрылымдық өнімдер			
	Жинақ	портфелі	бойынша	жиынтығы
				Ж И Ы Н Т Ы Ғ Ы :

---

*Өкілетті өкіл*

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2001 жылғы 20 маусымдағы  
N 237 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қорының инвестициялық  
операцияларын жүзеге асыру  
ережесіне N 3 қосымша

\_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ дейінгі кезеңде

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерімен жасалған  
мәмілелер жөніндегі есеп**

---

Тұрақтандыру портфелі | Жинақ портфелі

---

АҚШ долларында | АҚШ долларында  
транзакциялар сомасы | транзакциялар сомасы

Валюталар	бойынша	пайда/шығын
В а л ю т а		
Валютаның	бағамын	жоғарылату
Валюта	бойынша	барлығы
Валюталар		бойынша
пайда/шығынның		барлығы
Сатып	алынғандар	
А к ц и я л а р		
Акциялардың		барлығы
Облигациялар		
М Б Қ		
Х Қ Ұ		
А г е н т т і к		
Корпоративтік		облигациялар
М В S ,		А В S
Облигациялардың		барлығы
Т у ы н д ы		
Туындының		барлығы
Құрылымдық		өнімдер
Құрылымдық	өнімдердің	барлығы
В а л ю т а		
Валютаның		барлығы
Сатып	алынғандардың	барлығы
С а т ы л ғ а н д а р		
А к ц и я л а р		
Акциялардың		барлығы
Облигациялар		
М Б Қ		
Х Қ Ұ		
А г е н т т і к		
Корпоративтік		облигациялар
М В S ,		А В S
Облигациялардың		барлығы
Т у ы н д ы		
Туындының		барлығы
Құрылымдық		өнімдер
Құрылымдық	өнімдердің	барлығы
В а л ю т а		



Е у р о а й м а қ  
Ұ л ы б р и т а н и я

2 .

А к ц и я л а р  
А Қ Ш  
Е у р о а й м а қ  
Ұ л ы б р и т а н и я  
Ж и ы н т ы ғ ы

---

*Өкілетті өкіл*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК